"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен

(2020 жылғы 02 маусымдағы
№ 73 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2020 жылғы 03 тамыздан бастап

қолданысқа енгізілді

""Қазақстан қор биржасы АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, цифрлық активтер мен цифрлық қаржы активтері платформасының қатысушылары мен цифрлық құралдарына, бағалы қағаздардың эмитенттеріне және қаржы құралдарына код беру тәртібі туралы

НҰСҚАУЛЫҚ

(Осы тақырып Биржа Басқармасының 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен өзгертілген)

Алматы қ.

2020

ТҮЗЕТУ ПАРАҒЫ

1. **№ 1 өзгерістер мен толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылғы 08 қазандағы № 136 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2020 жылғы 09 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.
2. **№ 2 өзгерістер мен толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2020 жылғы 22 қазандағы № 142 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2020 жылғы 30 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді.
3. **№ 3 толықтыру:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 21 қаңтардағы № 4 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2021 жылғы 22 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.
4. **№ 4 өзгерістер мен толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 11 маусымдағы № 57 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2021 жылғы 14 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді.
5. **№ 5 өзгерістер мен толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 15 маусымдағы № 59 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2021 жылғы 07 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.
6. **№ 6 толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 23 маусымдағы № 61 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2021 жылғы 01 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.
7. **№ 7 өзгерістер:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 02 қарашадағы № 115 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2021 жылғы 03 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді.
8. **№ 8 өзгерістер:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 134 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2022 жылғы 05 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.
9. **№ 9 өзгерістер мен толықтырулар:**
   - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылғы 19 мамырдағы № 66 отырыс хаттамасы) бекітілді;
   - 2022 жылғы 23 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген.
10. **№ 10 өзгерістер мен толықтыру:**
    - "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылғы 28 шілдедегі № 91 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2022 жылғы 22 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

11. № 11 өзгерістер мен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылғы 20 қазандағы № 121 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2022 жылғы 26 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.

12. № 12 өзгерістер мен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2023 жылғы 15 тамыздағы № 85 отырыстың хаттамасы);

– 2023 жылғы 25 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді

13. № 13 өзгерістер мен толықтыру:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2023 жылғы 24 қарашадағы № 130 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2023 жылғы 27 қарашадан бастап қолданысқа енгізілді.

14. № 14 өзгерістер мен толықтыру:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2024 жылғы 12 желтоқсандағы № 147 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2025 жылғы 05 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

15. № 15 өзгерістер:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2025 жылғы 15 шілдедегі № 68 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2025 жылғы 01 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

16. № 16 өзгерістер:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2026 жылғы 29 қаңтардағы № 10 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2026 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

17. № 17 өзгеріс:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2026 жылғы 26 ақпандағы № 22 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Биржаның сауда-саттық жүйелеріне қол жеткізу мүмкіндігін беру ережелеріне енгізілген № 5 өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап (2020 жылғы 17 наурыздағы № 8 отырыс хаттамасы).

18. № 18 өзгерістер мен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2026 жылғы 07 сәуірдегі № 39 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2026 жылғы 07 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

19. № 19 өзгерістер:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2026 жылғы 11 маусымдағы № 66 отырыс хаттамасы) бекітілді;

– 2026 жылғы 01 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

20. № 20 өзгерістер мен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2026 жылғы 04 тамыздағы № 91 отырыстың хаттамасы);

– 2026 жылғы 04 тамыздан бастап қолданысқа енгізілді.

21. № 21 өзгерістер мен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2026 жылғы 15 қыркүйектегі № 111 отырыс хаттамасы) бекітілген;

– 2026 жылғы 15 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді

22. № 22 өзгеріс пен толықтырулар:

– "Қазақстан қор биржасы" АҚ шешімімен (2026 жылғы 01 қазандағы № 123 отырыс хаттамасы) бекітілген;

– 2026 жылғы 06 қазаннан бастап қолданысқа енгізілді.

"Осы Нұсқаулық "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға (бұдан әрі бірлесіп – сауда-саттық жүйесі), цифрлық активтер мен цифрлық қаржы активтері платформасының (бұдан әрі – ЦА және ЦҚА платформасы) қатысушылары мен цифрлық құралдарына, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына қысқартылған белгі (бұдан әрі – код) беру тәртібін айқындайды.

Кодтар сауда-саттық жүйесінде Биржа мүшелерін, қаржы құралдарын және пайдаланушыларды, ЦА және ЦҚА платформасының қатысушылары мен цифрлық құралдарын сәйкестендіру үшін, сондай-ақ Биржа тарататын ақпараттың көлемін оңтайландыру мақсатында Биржа ақпараттық қызметті жүзеге асыратын кезде пайдаланылады.

Осы Нұсқаулықта қолданылатын терминдер осы Нұсқаулықта және Биржаның өзге де ішкі құжаттарында оларға берілген мағынада пайдаланылады.

(Осы кіріспе Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы және 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімдерімен өзгертілген)

1-бап. Биржа мүшелеріне берілетін кодтарға қойылатын талаптар

1. Сауда-саттыққа қатысушы ретінде Биржа мүшесіне кодты Биржа мүшелерінің мониторингін жүзеге асыратын биржа бөлімшесі мынадай тәртіппен береді:

   1) код латын әліпбиінің бас әріптері пайдаланылатын бес таңбадан тұруға тиіс (осы тармақтың 4) тармақшасында белгіленген ерекшелікті ескере отырып және осы тармақтың 1-1) тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен өзгертілген)*;

   1-1) егер Биржа мүшесі электрондық сауда-саттық жүйесінің қатысушысы болып табылса, осы мүшенің коды:

   алты таңбадан тұруы керек, оның төртеуі латын әліпбиінің бас әріптері;

   оң жағынан "_Т" таңбаларымен толықтырылады;

   (осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен енгізілген)

   2) код оның атауына қарай жасалуға тиіс және дыбысталуы бойынша оған жақын болуға тиіс;

   3) әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы Биржа мүшелерінің атаулары бірдей немесе ұқсас болса, Биржа мүшелерінің деректер кодтарында олардың ұйымдық-құқықтық нысанын көрсететін әріптерді пайдалануға жол беріледі;

   4) Биржа мүшесінің кодында сол жақтағы екінші позициядан бастап "_" (астын сызу) белгісін (осы тармақтың 1-1) тармақшасында белгіленген жағдайды қоспағанда) пайдалануға жол беріледі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен өзгертілген)*;

   5) Биржаның әртүрлі мүшесіне бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас кодтарды беруге тыйым салынады;

   6) Биржа мүшесінің атауы өзгерген кезде оған бұрын берілген код өзгертілуге тиіс емес.

2. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы ретінде Биржа мүшесінің кодын сауда-саттықты ұйымдастыруды жүзеге асыратын Биржа бөлімшесі айқындайды және ол төмендегілерден тұрады:

1) Биржа мүшесінің коды;

2) "_" (астын сызу) таңбасы;

3) "K" әрпі.

3. Биржа мүшелеріне мониторинг жүргізетін Биржа бөлімшесі "валюта нарығы" және "деривативтер нарығы" санаттарындағы Биржа мүшесіне оның Биржа мүшелігіне қабылдану кезектілігіне сәйкес тіркеу нөмірін береді.

"Валюта нарығы" және "деривативтер нарығы" санаттарындағы Биржа мүшесінің тіркеу нөмірі үш цифрдан тұрады. Егер тіркеу нөмірі кодының реттік нөмірі 100-ден аз болса, онда осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлмен толықтырылады.

3-1. Сауда-саттық ұйымдастыруды жүзеге асыратын Биржа бөлімшесі "деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесіне есеп айырысу фирмасының кодын және меншікті және клиенттік қаражатты есепке алу үшін есеп айырысу кодын береді *(бұл тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен енгізілген)*.

3-2. "Деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің есеп айырысу фирмасының коды екі таңбадан тұрады, олар ретінде латын әліпбиінің цифрлары немесе бас әріптері пайдаланылуы мүмкін. Бұл ретте банктерде есеп айырысу фирмасының коды оның тіркеу нөмірінің соңғы екі цифрына сәйкес келеді, брокерлік ұйымда есеп айырысу фирмасының коды оның сауда-саттық кодының алғашқы екі таңбасына сәйкес келеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен енгізілген)*.

3-3. Өз қаражатын есепке алу мақсатындағы "деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің есептік коды Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі осындай Биржа мүшесінің қосалқы шотының бірінші бес таңбасына сәйкес келетін бес таңбадан тұрады.

"Деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің Орталық депозитарийде қосалқы шоты болмаған жағдайда, Биржаның мұндай мүшесінің есептік коды кему реті бойынша 99999-дан бастап бес таңбалы цифрдан тұрады.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен енгізілген)

3-4. Клиент қаражатын есепке алу үшін "деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің есептік коды мыналардан тұрады:

1) "5" цифры;

2) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі Биржаның осындай мүшесінің екінші қосалқы шотынан бесінші қосалқы шотына сәйкес келетін төрт таңбадан;

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен енгізілген)

4. Сауда-саттыққа қатысушы және бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушы болып табылатын Биржа мүшесіне осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес екі түрлі сәйкестендіру коды беріледі.

1-1-бап. ЦА және ЦҚА платформасының сауда-саттық қатысушыларына берілетін кодтарға қойылатын талаптар

ҰА және ЦҚА платформасының сауда-саттық қатысушысына кодты Client Relations Office бөлімшесі мынадай тәртіппен береді:

1) код латын әліпбиінің бас әріптері түріндегі бес таңбадан тұруға тиіс;

2) кодтың бірінші таңбасы ҰА және ЦҚА платформасының сауда-саттық қатысушысы кодының белгісі болып табылатын "D" әрпі болады;

3) екінші позициядан бесінші позицияға дейінгі кейінгі төрт таңба сауда-саттық қатысушысының атауына қарай айқындалады және дыбысталуы жағынан оның атауына ұқсас болуға тиіс;

4) әртүрлі сауда-саттық қатысушысына бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас код беруге тыйым салынады;

5) әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы сауда-саттық қатысушыларының атаулары бірдей немесе ұқсас болған жағдайда, олардың кодтарында ұйымдық-құқықтық нысанын көрсететін әріптерді пайдалануға жол беріледі;

6) сауда-саттық қатысушысының атауы өзгерген кезде, егер Басқарма өзгеше белгілемесе, оған бұрын берілген код өзгертілмейді

(Осы бап Биржа Басқармасының 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен енгізілген)

2-бап. Сауда-саттық жүйесін пайдаланушылардың кодтары

Сауда-саттық жүйесін пайдаланушының коды (бұдан әрі сауда-саттық жүйесін пайдаланушыға қатысты – қысқаша код) осындай пайдаланушыға қай сауда-саттық жүйесіне қол жеткізу мүмкіндігі берілетініне қарай осы Нұсқаулықтың 1 және 3-қосымшаларында айқындалған.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы және 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімдерімен өзгертілген)

2-1-бап. "Валюталық" санатындағы Биржа мүшелері клиенттерінің кодтары

1. "Валюталық" санатындағы Биржа мүшесінің клиентіне код беру сауда-клирингілік шоттарды пайдалану тәртібін айқындайтын Биржаның ішкі құжатында белгіленген шарттарға байланысты жүзеге асырылуы мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Бірінші нұсқада көзделген шарттарға байланысты берілген клиенттің коды мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен өзгертілген)*:

   1) бірінші деңгейдегі клиенттің мүддесін білдіретін Биржа мүшесінің сәйкестендіру кодындағы әріптермен бірдей және "_" (астын сызу) таңбасының алдында орналасқан латын әліпбиінің бас әріптері (мұндай таңба болған жағдайда);

   2) Биржа мүшесінің сәйкестендіру кодындағы әріптердің саны бес таңбадан аз болса, "0" цифры (немесе бірнеше нөлдің комбинациясы);

   3) "01" цифрлары;

   4) Биржаның осындай мүшесінің деректеріне сәйкес бірінші деңгейдегі клиенттің реттік нөмірін білдіретін бес таңба *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Екінші нұсқада қарастырылған шарттарға қарай берілген Клиенттің коды Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған клиенттің кодына

сәйкес келеді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)*.

4. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен алып тасталған)*.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2020 жылғы 22 қазандағы шешімімен енгізілген)

2-2-бап. "Деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшелерінің және олардың клиенттерінің бірегей сәйкестендіру нөмірлерінің кодтары

1. "Деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің бірегей сәйкестендіру нөмірінің коды мыналардан тұрады:
   1) өз қаражатын есепке алу үшін "деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің есептік кодын құрайтын бес таңба;
   2) "00" цифрлары;
   3) мұндай кодтың реттік нөмірін білдіретін бес цифр (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
2. "Деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесі клиентінің бірегей сәйкестендіру нөмірінің коды мыналардан тұрады:
   1) клиент қаражатын есепке алу үшін "деривативтер нарығы" санатындағы Биржа мүшесінің есептік кодын құрайтын бес таңба;
   2) "01" цифрлары;
   3) мұндай кодтың реттік нөмірін білдіретін бес цифрдан тұрады (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
3. Егер бірегей сәйкестендіру нөмірі кодының реттік нөмірі 10 000-нан аз болса, онда осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны бесеу болу үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлмен толықтырылады.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен енгізілген)

3-бап. Биржа мүшелері шоттарының кодтары

1. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен алып тасталған)*.
2. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен алып тасталған)*.
3. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен алып тасталған)*.
4. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушының шоттары кодтарының құрамдас таңбалары ретінде Орталық депозитариймен жасалған сауда-саттықты ұйымдастырушыға қызмет көрсету туралы шартта көзделген форматта Биржаның сауда-саттық жүйесіне соңғысы жіберетін Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті қосалқы шоттардың он таңбалы нөмірлері пайдаланылады.
5. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының бірінші деңгейдегі меншікті шотының коды мыналардан тұрады:
   1) "S" әрпі;

2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және ОК қатысатын сауда-саттық режімдерінде репо операцияларын жүргізген жағдайда "+" таңбасы, немесе

сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және тікелей репо операцияларын, сондай-ақ осындай операцияның мәнін сату бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "0" саны, немесе

ОК қатыспайтын сауда-саттық режімдерінде осындай операцияның мәнін сатып алу бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "R" әрпі;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.

6. Қор нарығының сауда-саттығына қатысушының мүліктік пулының меншікті шотының коды мыналардан тұрады:

1) "S" әрпі;

2) клирингілік қатысу сертификатының мүліктік пулының түрін білдіретін ауыспалы таңба;

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.

7. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының бірінші деңгейдегі сегрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "I" әрпі;

2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және ОК-мен сауда-саттық режімдерінде репо операцияларын жүргізген жағдайда "+" таңбасы, немесе

сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және тікелей репо операцияларын, сондай-ақ осындай операцияның мәнін сату бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "0" саны, немесе

ОК қатыспайтын сауда-саттық режімдерінде осындай операцияның мәнін сатып алу бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "R" әрпі;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті клиенттік қосалқы шоттың он таңбалы нөмірі.

8. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының мүліктік пулының сегрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "I" әрпі;

2) клирингілік қатысу сертификатының мүліктік пулының түрін білдіретін ауыспалы таңба;

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.

9. Позицияларды агрегацияланған есепке алу үшін қор нарығы сауда-саттығына қатысушының клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "O" әрпі;

2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және ОК қатысатын сауда-саттық режімдерінде репо операцияларын жүргізген жағдайда "+" таңбасы, немесе

сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және тікелей репо операцияларын, сондай-ақ осындай операцияның мәнін сату бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "0" саны, немесе

ОК қатыспайтын сауда-саттық режімдерінде осындай операцияның мәнін сатып алу бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "R" әрпі;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті клиенттік қосалқы шоттың он таңбалы нөмірі.

9-1. Мүліктік пулына көміртегі бірліктері кіретін клирингілік қатысу сертификаттарымен сауда-саттыққа қатысуға арналған сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі сегрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "I" әрпі;

2) "+Y" немесе "0Y" таңбалары;

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының төрт таңбалы нөмірі, екінші таңбадан бастап;

4) сауда-саттыққа қатысушының сегрегацияланған клиенттік шотының реттік нөмірін білдіретін бес цифр.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен енгізілген)

9-2. Мүліктік пулына көміртегі бірліктері кіретін клирингілік қатысу сертификаттарымен сауда-саттыққа қатысуға арналған сауда-саттыққа қатысушының позицияларды агрегацияланған есепке алу үшін қолданылатын қор нарығының сауда-саттыққа қатысушысының клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "O" әрпі;

2) "+Y" немесе "0Y" таңбалары;

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының төрт таңбалы нөмірі, екінші таңбадан бастап;

4) сауда-саттыққа қатысушының позицияларды агрегацияланған есепке алу үшін қолданылатын клиенттік шотының реттік нөмірін білдіретін бес цифр.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылғы 01 қазандағы шешімімен енгізілген)

10. Позицияларды агрегацияланған есепке алу үшін қор нарығы сауда-саттығына қатысушының мүліктік пулының клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "O" әрпі;

2) клирингілік қатысу сертификатының мүліктік пулының түрін білдіретін ауыспалы таңба;

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.

11. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының бірінші деңгейдегі клиенттік бөлінген шотының коды мыналардан тұрады:

1) "C" әрпі;

2) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және ОК қатысатын сауда-саттық режімдерінде репо операцияларын жүргізген жағдайда "+" таңбасы, немесе

сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және тікелей репо операцияларын, сондай-ақ осындай операцияның мәнін сату бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "0" саны, немесе

ОК қатыспайтын сауда-саттық режімдерінде осындай операцияның мәнін сатып алу бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "R" әрпі;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі тиісті клиенттік қосалқы шоттың он таңбалы нөмірі.

12. Бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының мүліктік пулының сегрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) "C" әрпі;

2) клирингілік қатысу сертификатының мүліктік пулының түрін білдіретін ауыспалы

3) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.

13. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының агрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) клиенттік шот сауда-саттыққа қатысушыға ашылған жағдайда "L+" таңбалары, немесе егер клиенттік шот ОК қатысатын сауда-саттық режімдерінде мәміле жасау мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушыға ашылған жағдайда "K+" таңбалары, немесе

клиенттік шот сауда-саттыққа қатысушыға ашылған жағдайда "L0" таңбалары, немесе егер клиенттік шот ОК қатыспайтын сауда-саттық режімдерінде мәміле жасау мақсатында бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушыға ашылған жағдайда "K0" таңбалары;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)

2) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі сауда-саттыққа қатысушының тиісті меншікті қосалқы шотының он таңбалы нөмірі.

14. ОК қатысатын сауда-саттық режімдерінде мәміле жасасу үшін пайдаланылатын қор нарығына қатысушының екінші деңгейдегі меншікті шотының коды мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)*:

1) "S+" таңбалары;

2) сауда-саттық шотының екінші деңгейін білдіретін "2" цифры;

3) екінші деңгейдегі шоттың реттік нөмірін білдіретін екі цифр (осы баптың 24-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

4) осындай шот тиесілі сауда-саттыққа қатысушының сәйкестендіру кодының бірінші екі әрпіне ұқсас латын әліпбиінің алғашқы екі әрпі (осы баптың 25-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

5) сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі жеке шотының соңғы бес нөліне сәйкес келетін бес нөл.

қор нарығы сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі жеке сауда-клирингілік шоты екінші деңгейдегі меншікті сауда-клирингілік шотынан жасалған мәмілелерді/есеп айырысуға аударымдарды орындау үшін пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі меншікті клирингілік шотына байланыстырылады.

15. Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі сегрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

1) сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және ОК қатысатын сауда-саттық режімдерінде репо операцияларын жүргізген жағдайда "I+" таңбалары, немесе

сатып алу-сату мәмілелерін жасасқан және тікелей репо операцияларын, сондай-ақ осындай операцияның мәнін сату бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "I0" таңбалары, немесе

ОК қатыспайтын сауда-саттық режімдерінде осындай операцияның мәнін сатып алу бойынша автоматты репо операцияларын жүргізген жағдайда "IR" таңбалары;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2023 жылғы 15 тамыздағы шешімімен өзгертілген)

2) клиент шотының реттік нөмірін білдіретін цифрлар;

3) сауда-саттыққа қатысушының осындай шот ашылатын сәйкестендіру кодының алғашқы екі әрпіне ұқсас латын әліпбиінің алғашқы екі әрпі (осы баптың 25-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

4) бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының сәйкестендіру кодының бірінші екі әрпіне ұқсас латын әліпбиінің бірінші екі әрпі, оның клирингілік шотына екінші деңгейдегі шот байланыстырылады (осы баптың 25-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

5) екінші деңгейдегі шот байланыстырылатын бақылау және қамтамасыз ету жүйесі пайдаланушысының клирингілік шотының соңғы бес цифрына сәйкес келетін бес цифр.

Қор нарығы сауда-саттығына қатысушының екінші деңгейдегі клиенттік сауда-клирингілік шоты бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушының бірінші деңгейдегі клиенттік клирингілік шотына немесе сауда-саттыққа қатысушыдан берілген өтінішке сәйкес және екінші деңгейдегі клиенттік сауда-клирингілік шоттан жасалған мәмілелерді/есеп айырысуға аударымдарды орындау үшін пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының бірінші деңгейдегі клирингілік шотына байланыстырылады.

16. Валюта нарығының сауда-саттығына қатысушыларға бір меншікті және агрегацияланған клиенттік шоттардың шексіз саны ашылады.

17. Валюта нарығының сауда-саттығына қатысушының меншікті шотының коды мыналардан тұрады:

    1) "S" бас әрпі;

    2) "+" таңбасы;

    3) "FX" бас әріптері;

    4) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін білдіретін үш цифр;

    5) бес нөл.

18. Валюта нарығының сауда-саттығына қатысушының агрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

    1) "L" бас әрпі;

    2) "+" таңбасы;

    3) "FX" бас әріптері;

    4) Биржа мүшесінің тіркеу нөмірін білдіретін үш цифр;

    5) сауда-саттыққа қатысушының агрегацияланған клиенттік шотының реттік нөмірін білдіретін бес цифр (егер мұндай нөмір 10 000-нан кем болса, онда осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны бес болуы үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлмен толықтырылады).

19. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының агрегацияланған меншікті шотының коды мыналардан тұрады:

    1) есеп айырысу фирмасының коды;

    2) "00" цифрлары.

20. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының агрегацияланған клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

    1) есеп айырысу фирмасының коды;

    2) "01" цифралары.

21. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының меншікті шотының коды мыналардан тұрады:

    1) есеп айырысу фирмасының коды;

    2) "00" цифрлары;

    3) сауда-саттыққа қатысушының меншікті шотының реттік нөмірін білдіретін үш цифр (осы баптың 26-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

22. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының клиенттік шотының коды мыналардан тұрады:

    1) есеп айырысу фирмасының коды;

    2) "01" цифрлары (осы баптың 27-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

    3) сауда-саттыққа қатысушының клиенттік шотының реттік нөмірін білдіретін үш цифр (осы баптың 26-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

23. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының меншікті тарату сауда-клирингілік шотының коды мыналардан тұрады:

1) есеп айырысу фирмасының коды;

2) "OWliq" таңбалары.

24. Деривативтер нарығында пайдаланылатын сауда-саттыққа қатысушының меншікті тарату сауда-клирингілік шотының коды мыналардан тұрады:

1) есеп айырысу фирмасының коды;

2) "CLliq" таңбалары.

25. Екінші деңгейдегі шоттың реттік нөмірін білдіретін цифрлар саны 10-нан кем болған жағдайда, мұндай нөмірді білдіретін цифр сол жағынан нөлмен толықтырылады.

26. Егер сауда-саттыққа екі және одан көп қатысушы сәйкестендіру кодтарында латын әліпбиінің алғашқы екі әрпімен бірдей болса, сауда-саттыққа осындай қатысушының екінші деңгейдегі шотын сәйкестендіру мақсатында дыбысы бойынша оның атауына жақындатылған латын әліпбиінің өзге екі әрпін пайдалануға жол беріледі.

27. Егер деривативтер нарығының сауда-саттығына қатысушының меншікті немесе клиенттік шотының реттік нөмірі 100-ден кем болса, онда осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады.

28. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің клиенттік шотының кодында екінші және үшінші таңбалар ретінде:

"NF" әріптері – егер Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің клиенті Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылса, немесе

"EN" әріптері – егер Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің клиенті "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ болып табылса.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2020 жылғы 22 қазандағы, 2021 жылғы 15 мамырдағы, 2021 жылғы 15 маусымдағы, 2021 жылғы 23 маусымдағы, 2021 жылғы 15 желтоқсандағы және 2022 жылғы 28 шілдедегі шешімдерімен өзгертілген)

4-бап. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың және/немесе цифрлық қаржы активтерінің эмитенттерінің кодтары

(Осы баптың тақырыбы Биржа Басқармасының 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен өзгертілген)

1. Қазақстан Республикасының резиденті – мемлекеттік емес бағалы қағаздардың және/немесе цифрлық қаржы активтерінің эмитентіне кодты Биржаның бағалы қағаздар листингіне жауапты бөлімшесі (бұдан әрі – листинг бөлімшесі) береді, бұл код осы эмитенттің сәйкестендіру кодынан тұрады.

Бір мезгілде мемлекеттік емес бағалы қағаздардың және цифрлық қаржы активтерінің эмитенті болып табылатын эмитентке бірыңғай сәйкестендіру коды беріледі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылғы 02 қарашадағы, 2022 жылғы 19 мамырдағы және 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімдерімен өзгертілген).

2. Қазақстан Республикасының бейрезиденті – мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентіне кодты листинг бөлімшесі береді, ол мыналардан тұрады:

1) осы эмитенттің сәйкестендіру коды[2] *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)*;

2) "_" (астын сызу) таңбасы;

3) "KZ" әріптері.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылғы 02 қарашадағы шешімімен өзгертілген)

3. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың және/немесе цифрлық қаржы активтерінің эмитентіне сәйкестендіру кодын листинг бөлімшесі мынадай ерекшеліктерді ескере отырып береді *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен өзгертілді)*:

1) эмитенттің сәйкестендіру коды латын әліпбиінің бас әріптері ретінде пайдаланылатын төрттен аспайтын таңбадандан тұрады;

2) эмитенттің сәйкестендіру коды оның атауына қарай жасалады және дыбысталуы бойынша оған жақын болуға тиіс;

3) эмитенттің сәйкестендіру кодында сол жақтағы екінші позициядан бастап латын әліпбиінің бас әріптерін және "_" таңбасын (астын сызу) пайдалануға жол беріледі;

4) егер эмитент банк болса, онда, әдетте, оның сәйкестендіру кодында үшінші және төртінші позицияларда сол жақта "BN" әріптері болуға тиіс;

5) егер эмитент микроқаржы ұйымы болса, онда, әдетте, оның сәйкестендіру кодында бірінші және екінші позицияларда сол жақта "MF" әріптері болуға тиіс;

6) мемлекеттік емес бағалы қағаздардың және/немесе цифрлық қаржы активтерінің әртүрлі эмитенттеріне бірдей немесе араласып кету дәрежесіне дейін ұқсас сәйкестендіру кодтарын беруге тыйым салынады *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен өзгертілген)*;

7) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген және Биржа Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы шешімімен алып тасталған)*;

8) егер шетелдік эмитенттің бағалы қағаздарын биржаның ресми тізімінің "Аралас" сауда-саттық алаңының "KASE Global" секторына енгізу жоспарланса, онда Биржа Басқармасы бекіткен қор биржаларының тізбесіне кіретін, оған өзге қор биржасы берген осындай эмитенттің сәйкестендіру кодын пайдалануға жол беріледі *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)*;

9) мемлекеттік емес бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінің бір алаңынан екіншісіне, "Аралас" алаңының тиісті секторынан – "KASE Global" секторының "Аралас" сауда-саттық алаңына ауыстыру кезінде осы бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашысының бастамасы бойынша осы эмитентке Басқарманың шешімі бойынша оған бұрын берілгеннен өзгеше өзге сәйкестендіру коды берілуі мүмкін *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен енгізілген)*.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы, 2021 жылғы 02 қарашадағы шешімімен өзгертілген)

4. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың қолданыстағы эмитентінің атауы осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының бастамасы бойынша мониторинг бөлімшесінің қызметтік жазбасы негізінде қабылданған сауда-саттық және ақпарат және статистика бөлімшелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің шешімімен өзгерген кезде мұндай эмитентке жеткілікті негіздер болған кезде оған бұрын берілгеннен өзгеше

сәйкестендіру коды берілуі мүмкін *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2024 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен өзгертілген)*.

5-бап. Мемлекеттік емес бағалы қағаздардың кодтары

1. Мемлекеттік емес бағалы қағаздарға кодтарды листинг бөлімшесі былай береді:

1) жай акциялардың коды ретінде олардың эмитентінің коды тікелей пайдаланылады;

2) артықшылықты акциялардың коды мыналардан тұрады:

осы акциялар эмитентінің коды;

"p"[1] әрпі;

3) эмитенті заңды тұлға болып табылатын мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялардың немесе өзге де борыштық бағалы қағаздардың коды мыналардан тұрады:

осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) эмитентінің коды;

"b"[2] әрпі (жеке орналастырылуға тиіс мемлекеттік емес облигацияларды қоспағанда); немесе

"pp"[3] әріптері, жеке орналастырылуға тиіс мемлекеттік емес облигациялар үшін;

"op"[4] әрпі өзге заңнамаға сәйкес шығарылған, жеке орналастырылуға тиіс облигациялар үшін *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімімен енгізілген)*;

Биржаның деректеріне сәйкес осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін білдіретін цифр (цифрлар);

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылғы 11 маусымдағы шешімімен өзгертілген)

4) басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялардың немесе өзге де борыштық бағалы қағаздардың (заңды тұлғасы осы облигациялардың (өзге де борыштық бағалы қағаздардың) эмитенті болып табылатын мемлекетке қатысты) коды мыналардан тұрады:

осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) эмитентінің коды;

---

[1] Ағылшын тіліндегі "preference" және "preferred" ("артықшылықты") сөздерінің қысқартылуы *(осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы және 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)*.

[2] Ағылшын тіліндегі "bond" ("облигация") сөзінен *(осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы және 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)*.

[3] Ағылшын тіліндегі "Private placement" ("жеке орналастыру") сөздерінің қысқартылуы *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2021 жылғы 11 маусымдағы шешімімен енгізілген, осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы және 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)*.

[4] Ағылшын тіліндегі "other private" (жеке орналастыру) сөздерінің қысқартылуы *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімімен енгізілген)*.

"e"[5] әрпі;

Биржаның деректеріне сәйкес осы облигациялар (өзге борыштық бағалы қағаздар) шығарылымының реттік нөмірін білдіретін цифр (цифрлар);

5) заңды тұлғаның кепілдігімен[6] шығарылған облигациялардың немесе өзге де борыштық бағалы қағаздардың коды мыналардан тұрады:

осы облигациялар (өзге де борыштық бағалы қағаздар) бойынша кепілгер[6] немесе эмитент болып табылатын ұйымның коды;

"e[5]" әрпі;

Биржаның деректеріне сәйкес осы облигациялар (өзге де борыштық бағалы қағаздар) бойынша кепілгер немесе эмитент болып табылатын ұйымның коды";

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылғы 02 қарашадағы шешімімен өзгертілген)

6) инвестициялық пай қорының, акционерлік инвестициялық қордың және жылжымайтын мүлік қорының бағалы қағаздарының коды мыналардан тұрады:

осы бағалы қағаздар эмитентінің коды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)*;

осы қорды білдіретін кіші әріптердің және/немесе цифрлардың бірегей тіркесімі;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы шешімімен өзгертілген)

7) сукук облигацияларының коды мыналардан тұрады:

осы облигациялар эмитентінің коды;

"s" әрпі;

Биржаның мәліметіне сәйкес осы облигациялар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін цифр (цифрлар);

8) банктік депозиттік сертификаттардың коды мыналардан тұрады:

осы сертификаттар эмитентінің коды;

"cd"[7] әрпі;

Биржа беретін, осы сертификаттар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін цифр (цифрлар) *(осы абзац Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы шешімімен өзгертілген)*;

---

5 Ағылшын тіліндегі "eurobond" ("еурооблигация") сөзінің қысқартылуы *(осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2021 жылғы 11 маусымдағы, 2021 жылғы 15 маусымдағы, 2022 жылғы 19 мамырдағы және 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімімен өзгертілген)*.

6 Биржаның "Листингілік ережелер" ішкі құжатының нормаларына сәйкес *(осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2021 жылғы 11 маусымдағы және 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімдерімен өзгертілген, осы сілтеменің мәтіні Биржа Басқармасының 2021 жылғы 02 қарашадағы шешімімен өзгертілген, осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы және 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімдерімен өзгертілген).*

7 Ағылшын тіліндегі "certificate of deposit" ("депозит сертификаты") сөздерінің қысқаруы *(осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2021 жылғы 11 маусымдағы, 2021 жылғы 15 маусымдағы 2021 жылғы 02 қарашадағы, 2022 жылғы 19 мамырдағы және 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімдерімен өзгертілген)*.

9) басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес шығарылған ETF бағалы қағаздарының коды (заңды тұлғасы осы бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын мемлекетке қатысты) мыналардан тұрады:

ETF бағалы қағаздарының коды;

"_" (асытын сызу) таңбасы;

"KZ" әріптері;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы шешімімен өзгертілген)

10) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2023 жылғы 24 қарашадағы шешімімен алып тасталған)*;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған ETF бағалы қағаздарының коды мыналардан тұрады:

ETF қорын білдіретін кіші әріптердің бірегей тіркесімі;

егер ETF қорын білдіретін әріптер саны төрт таңбадан аз болса, "_" (астын сызу) таңбасы;

"f"[8] әрпі.

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылғы 07 сәуірдегі шешімімен енгізілген)

1-1. Егер мемлекеттік емес бағалы қағаздар Дүниежүзілік биржалар Федерациясының (World Federation of Exchanges) және/немесе London Stock Exchange (London Stock Exchange Group) толық мүшесі болып табылатын қандай да бір шетелдік қор биржасының ресми тізімінде болса, осы бағалы қағаздардың кодында жоғарыда аталған биржалардың біріне берілген кодтың әріптік мәндерін пайдалануға жол беріледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы шешімімен енгізілген және Биржа Басқармасының 2022 жылғы 19 мамырдағы және 2023 жылғы 24 қарашадағы шешімімен өзгертілген)*.

2. Биржа арқылы жекешелендірілетін акциялардың мемлекеттік пакетінің құрамына кіретін мемлекеттік емес бағалы қағаздардың кодын листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:

1) егер осы бағалы қағаздар орталық депозитарийде ашылған жеке шотта есепке алынса, "NZ" әріптері;

2) "_" (астын сызу) таңбасы;

3) осы бағалы қағаздар эмитентінің коды;

4) бағалы қағаздардың деректерін неғұрлым дәл сәйкестендіру қажет болған кезде – "_" (астын сызу) таңбасы және осындай сәйкестендіруге арналған таңбалар жиынтығы.

3. Екінші ISIN бар облигацияларға немесе өзге де борыштық бағалы қағаздарға арналған кодты Ақпарат және статистика бөлімшесі KASE BackOffice System ақпараттық жүйесіне сауда-саттық бөлімшесінің электрондық хабарламасы негізінде енгізеді және ол мыналардан тұрады:

[8] Ағылшын тіліндегі "Exchange-Traded Fund" сөздерінің шартты түрде қысқартылуы *(осы сілтеме Биржа Басқармасының 2026 жылғы 07 сәуірдегі шешімімен енгізілген, осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімімен өзгертілген)*.

мұндай бағалы қағаздарды айналысқа жіберу кезінде листинг бөлімшесі бұрын берген осындай бағалы қағаздың коды;

«_» (астын сызу) таңбасы;

"A" әрпі.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы шешімімен енгізілген)

5-1-бап. Цифрлық қаржы активтерінің кодтары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылатын цифрлық қаржы активтеріне кодтарды листинг бөлімшесі береді және олар мыналардан тұрады:

   1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Биржаға цифрлық қаржы активтері платформасының операторы ретінде берген "001" тіркеу нөмірі;

   2) "_" (астын сызу) таңбасы;

   3) осы Нұсқаулықтың 4-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен берілген эмитенттің сәйкестендіру коды;

   4) "_" (астын сызу) таңбасы;

   5) цифрлық қаржы активтеріне тиесілілігін білдіретін "df" әріптері;

   6) Биржаның деректеріне сәйкес цифрлық қаржы активі шығарылымының реттік нөмірін білдіретін цифр (цифрлар).

2. Егер цифрлық қаржы активтері цифрлық қаржы активтері платформасының басқа операторының платформасында айналыста болса, осындай цифрлық қаржы активтеріне тиісті платформа операторы берген кодты пайдалануға жол беріледі.

(Осы бап Биржа Басқармасының 2026 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен енгізілген)

6-бап. Базалық активі мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздардың (фьючерстерді қоспағанда, туынды қаржы құралдарының) кодтары

1. Қазақстандық депозитарлық қолхаттарға кодты листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:

   1) "KDR"[9] әріптері;

   2) "_" (астын сызу) таңбасы;

   3) осы Нұсқаулықтың 5-бабының 1-тармағына сәйкес анықталған осы қолхаттардың базалық активі ретінде пайдаланылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздардың коды;

   4) қолхаттардың деректерін неғұрлым дәлірек сәйкестендіру қажет болған кезде – "_" (астын сызу) таңбасы және осындай сәйкестендіруге арналған таңбалар жиынтығы.

[9] Ағылшын тіліндегі "Kazakhstan depositary receipt" ("Қазақстандық депозитарлық қолхат") сөз тіркесінің қысқартылуы *(осы сілтеменің нөмірі Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы, 2021 жылғы 11 маусымдағы, 2021 жылғы 15 маусымдағы, 2021 жылғы 02 қарашадағы, 2022 жылғы 19 мамырдағы, 2026 жылғы 07 сәуірдегі және 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімдерімен өзгертілген)*.

2. Базалық активі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын, қазақстандық депозитарлық қолхаттардан басқа, өзге де туынды бағалы қағаздардың (фьючерстерді қоспағанда, туынды қаржы құралдарының) кодын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес (оның ішінде бірнеше атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздарды) оларға Биржаның листинг бөлімшесі береді және олар мыналардан тұрады:

1) осы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) эмитентінің коды; немесе

бағалы қағаздарды (қаржы құралдарын) осындай арнайы кәсіпорын шығарған болса, осы бағалы қағаздар (қаржы құралдары) бойынша міндеттемелерді орындаудың кепілі және арнайы кәсіпорынның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы, акционері) болып табылатын, ұйымның коды;

2) "d"[10] әрпі.

7-бап. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздардың кодтары

1. Қазақстан Республикасынан басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарға кодты Биржаның листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:

1) "KZ" әріптері;

2) "_" (астын сызу) таңбасы;

3) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірін білдіретін екі цифрдан тұрады (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

4) "_" (астын сызу) таңбасы;

5) осы бағалы қағаздарды өтеу жылының соңғы екі цифрын білдіретін екі цифр;

6) осы бағалы қағаздарды өтеу айының реттік нөмірін білдіретін екі цифрдан тұрады (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

2. Егер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 10-нан кем болса, осындай нөмірді білдіретін цифр сол жағынан нөлмен толықтырылады.

Егер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздарды өтеу айының реттік нөмірі 10-нан кем болса, осындай нөмірді білдіретін цифр сол жағынан нөлмен толықтырылады.

---

[10] Ағылшын тіліндегі "derivative" ("туынды") сөзінің қысқартылуы *(осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2020 жылғы 08 қазандағы, 2021 жылғы 11 маусымдағы, 2021 жылғы 15 маусымдағы, 2021 жылғы 02 қарашадағы, 2022 жылғы 19 мамырдағы, 2026 жылғы 07 сәуірдегі және 2026 жылғы 04 тамыздағы шешімдерімен өзгертілген)*.

8-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған бағалы қағаздардың кодтары

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарған бағалы қағаздарға кодты осы бағалы қағаздардың шығарылуына байланысты сауда-саттық бөлімшесі береді және мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы шешімімен өзгертілген)*:

   1) осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қысқамерзімді қазынашылық міндеттемелері (МЕККАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "МКМ" бас әріптері; немесе

      осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ортамерзімді қазынашылық міндеттемелерінің (МЕОКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "МОМ" бас әріптері; немесе

      осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақмерзімді қазынашылық міндеттемелерінің (МЕУКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "MUM" бас әріптері; немесе

      осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ортамерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерінің (МОИКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "МОХ" бас әріптері; немесе

      осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақмерзімді индекстелген қазынашылық міндеттемелерінің (МУИКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "MUX" бас әріптері; немесе

      осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақмерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелерінің (МЕУЖКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "MUJ" бас әріптері;

      осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнайы ортамерзімді қазынашылық міндеттемелерінің (МАОКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "МОК" бас әріптері;

      егер осы бағалы қағаздар Қазақстан Республикасының TONIA мөлшерлемесіне индекстелген қазынашылық міндеттемелерінің (МЕТИКАМ) қатарына жататын болса, латын әліпбиінің "MTM" бас әріптері *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы шешімімен енгізілген)*;

   2) осы бағалы қағаздардың айлармен айналыс мерзімін белгілейтін үш цифр (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

   3) "_" (астын сызу) таңбасы;

   4) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірінің соңғы төрт цифры (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағалы қағаздарының айналыс мерзімі 100 айдан кем болған жағдайда, осындай мерзімді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады.

   Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 1 000-нан кем болған жағдайда, осындай нөмірді білдіретін

цифрлар осы цифралардың жалпы саны төрт болуы үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады.

9-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарының кодтары

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бағалы қағаздарына кодтарды осы бағалы қағаздардың шығарылуына байланысты сауда-саттық бөлімшесі береді және мыналардан тұрады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылғы 20 қазандағы шешімімен өзгертілген)*:

   1) "NT"[11] әріптері;

   2) осы бағалы қағаздар номинацияланған валютаның бір әріптік белгісі (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

   3) осы бағалы қағаздардың күнмен айналыс мерзімін білдіретін үш цифр (осы баптың 3-тармағының бірінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

   4) "_" (астын сызу) таңбасы;

   5) осы бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірінің соңғы төрт цифры (осы баптың 3-тармағының екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздары номиналданған валютаның бірәріптік белгілері ретінде мынадай әріптер пайдаланылады:

   1) "E" – еуроны белгілеу үшін;

   2) "J" – жапон йенасын белгілеу үшін;

   3) "K" – қазақстандық теңгені белгілеу үшін;

   4) "U" – АҚШ долларын белгілеу үшін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздарының айналыс мерзімі 100 күннен кем болған жағдайда, осындай мерзімді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны үшеу болу үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлмен толықтырылады.

   Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздар шығарылымының реттік нөмірі 1 000-нан кем болған жағдайда, осындай нөмірді білдіретін цифрлар осы цифрлардың жалпы саны төрт болуы үшін сол жағынан бір немесе одан көп нөлдермен толықтырылады.

10-бап. Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарының кодтары

1. Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздарына кодты Биржаның листинг бөлімшесі береді және ол мыналардан тұрады:

   1) осы бағалы қағаздардың эмитенті болып табылатын жергілікті атқарушы органның екіәріптік коды (осы баптың 2-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып);

